


☑ Денсаулық

☑ Зорověе

☑ Health



ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ МАУСЫМ СӘУІРГЕ ДЕЙІН

Ақтөбе қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы Алмағамбет Айнұр Итбайқызы тұмаудан эпидемиологиялық маусым сәуірге дейін жалғасатынын ескертіп, одан қалай сақтануға болатынын айтып берді. Сұрақтарды қойған Гүлнара Дауылбайқызы.

— Тұмау ауруының пайда болуы және шарықтауы күз-қыс айларына тән. Дегенмен біздің аймақта көктем шуақты бола бермейді. Көктемде тұмаудан сақтанудың өз ерекшелігі болады ма?

— Ерекшелігі жоқ. Негізі Қазақстан Республикасында тұмау ауруынан эпидемиологиялық маусым 1 қазаннан 1 сәуірге дейін жалғасады, наурыз айы да қолдайсыз болуы мүмкін, сондықтан эпидемиологиялық маусым кезіндегі профилактикалық шаралар көктем кезінде де сақталуы керек. Оларды тағы бір еске сала кетейін:

— таза ауада жиі серуендеу, саябақтарда жүру, тыныс алуды реттеу, бұлар өкпенің вентилиациясын жоғарылатады, қан айналымы жүйесін жақсартады;
— жеке гигиенаны сақтау, жиі қолды сабынмен және спирт негізіндегі заттармен жуу;

— жүйелі түрде үйді және жұмыс орнын желдетіп тұру;
— «С» дәрумені бар өнімдерді тамақта қолдану (лимон, бал, таңқурай және т.б.).

— адамдар көп жүретін жерден алшақ болу;
— дене шынықтырумен, спортпен, ағзаны шынықтырумен айналысу қажет.

— Қыс аяқталғанда дәрігерлер тұмау ауруы туралы маусымдық көрсеткіштерді жариялайды. Биылғы көрсеткіштерде өткен жылдармен салыстырғанда өзгешелік байқалды ма? Вирус жұқтырмаудың жолдарын халық ескере бастаған сияқты ғой..

— 2018-2019 жылдың тұмау ауруынан эпидемиологиялық маусымы әлі жалғасады, дегенмен бүгінге дейінгі мәліметті жариялауға болады. Ақтөбе қаласы бойынша тұмау ауруының — 59 жағдайы тіркелді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында —

37. 2017-2018 жылдың эпидемиологиялық маусымдында тұмау ауруының — 39 жағдайы тіркелді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында — 18 жағдай. Салыстырмалы түрде қарағанда биылғы эпидемиологиялық маусымда көрсеткіш жоғары болып тұр. Тұмаудың алдын алуын ылғи халыққа түсіндіреміз, оны тұрғындар жақсы біледі. Дегенмен, сақтық шараларын ескеру аз. Тұмау ауруынан сақтанудың бірден бір тиімді жолы — вакцинациялау.

— Тұмаудың басты белгілері тез емделгенімен, оның зардабынан басталатын көкжөтел адамды көп қинайды. Осындай жағдайда қалай емделген тиімді?

— Тұмаумен ауырғанда өзіңіз емідеумен айналысуға болмайды. Науқасқа міндетті түрде дәрігерді үйге шақырту керек. Дәрігердің тексеруінен кейін тағайындалған қажет ем-дом шараларын ғана қолданған ләзім. Ауру басталған уақытта тез емделсе, арты көкжөтел т.б. сияқты асқынуларға әкелмейді.



— Дәрігерлер қауымы жыл сайын тұмау жұқтырмау жайлы дабыл қағып, одан сақтану жолдарын айтып отырғанымен, тымау дерегі тіркелмеген жыл жоқ?

— Тұмау ауруынан сақтанудың бірден бір жолы — вакцинациялау екенін айттық, біздің қалада тұрғындардың 10% ғана екпе қабылдады. Тұрғындар екпені көбірек алса, тұмау ауруының тіркелуі азаяр еді.

№2 (434)
25 ақпан
2019 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



GÖRÜŞÜRÜZ GÜZEL TÜRKİYE

Осы санда



МОЕ
ВРЕМЯ —
НОЧЬ **11 6**



ТҰҢҒИЫҒЫ
ТАҒЫЛЫМ
ТАРИХ **12-13 66**

№	Жазылуы	Доббасталуы	№	Жазылуы	Доббасталуы
1	A a	[a]	17	Ń ń	[ɲ]
2	Ä ä	[ɛ]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ö ö	[ø]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	Ğ ğ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ü ü	[y]
11	J j	[j]	27	V v	[v]
12	K k	[k]	28	Y y	[y]
13	K k	[k]	29	Ÿ ŷ	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

ЛАТЫН
ГРАФИКАСЫНА
НЕГІЗДЕЛГЕН
ҚАЗАҚ ТІЛІ
ӘЛІПБИІ МЕН
ЖАЗУЫН
ҮЙРЕТУДІҢ
1-2 САБАҚТАРЫ

14-15 66

4-5 66

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-
танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы:
Ақбота Орманбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

Ауың аушықты жаңалықтары

Главные новости месяца



Өңір жастары кәсіпкерлікке STARTUP АКАДЕМИЯСЫНДА ҮЙРЕНЕДІ

Ақтөбеде Жұбанов университетінің база-сы негізінде StartUp Академиясы ашылды. Академияда өңірдегі кез келген жастың кәсіпкерлік дағдыларына үйренуіне болады. Мұнда талаптанған жастардың идеясын толық жүзеге асыруға қамқорлық жасалмақ. Академияның кәсіпкерлер алаңында тігін цехы, биологиялық зертхана, мүсін жасау кабинеті, асхана бөлмесі жұмыс істеп тұр. Жастар кәсіпкерлігін дамыту жұмыстары Жұбанов университетінің ректоры, профессор Бауыржан Ердембековтің бастамасымен осыдан екі жыл бұрын қолға алынған болатын. Ол үшін университетте арнайы Инновация және кәсіпкерлікті дамыту орталығы ашылды. Оның басшылығына жас бастамашыл оқытушы Әсел Шетиева тағайындалды. Содан бері студент-жастар StartUp – 2017», «Жас проджект» республикалық байқауларына белсене қатысып, 6 стартап жоба бойынша жалпы көлемі 7 миллион теңге грант ұтып алды. Алғашқы байқау жеңімпазы – «Ақылды бала бақша» жобасының нәтижесінде «Zereg» балаларды дамыту орталығы ашылды.

стартап жобаларына баға берді. Осылайша 12 жоба іріктеліп алынды. Жеңімпаз жобалардың бәрі – Жұбанов университетінен ұсынылғандар. Атап айтқанда: 3 стартап: «MidMar», «Dragon Breath», «Вверх» экономика және құқық факультетінен, 3 стартап: «Экосумки», «Хлорофитум», «Емен» жаратылыстану факультетінен, 2 стартап: «Noname», «Freedom» шетел тілдері факультетінен, 2 стартап: «Handmade_Nessi» және «Unique» кәсіби-шығармашылық факультетінен, 1 стартап: «24 element» техникалық факультетінен және 1 стартап: «3DX» физика-математика факультетінен.

МОЛОДЕЖЬ РЕГИОНА МОЖЕТ ОБУЧИТЬСЯ БИЗНЕСУ В STARTUP АКАДЕМИИ

В Актөбе на базе университета Жубанова открылась StartUp Академия. В ней основам предпринимательства может обучиться каждый желающий представитель молодежи области. Здесь планируется оказать содействие реализации бизнес-идей молодых актюбинцев. На предпринимательской площадке Академии работают швейный цех, биологическая лаборатория, скульптурный кабинет, столовая. Развитие молодежного предпринимательства было взято под контроль ректора университета Жубанова Бауыржана Ердембекова два года назад. Для этого в вузе был открыт специальный Центр инноваций и предпринимательства, руководителем которого назначена молодой учёный Асель Шетиева. С тех пор студенты со своими идеями приняли участие в республиканских конкурсах «StartUp – 2017», «Жас проджект». По их итогам 6 стартап проектов на общую сумму 7 миллион тенге выиграли грант. Согласно проекту первого соискателя гранта «Умный детский сад» — был открыт Центр детского развития «Zereg».

На церемонии открытия StartUp Академии приняли участие ректор Алматинского университета менеджмента Гулмира Корганбаева, руководитель областного управления предпринимательства Анар Даржанова, директор Актюбинского филиала ФРП «Даму» Берик Нурғалиев. Выступая перед молодежью, ректор университета Бауыржан Ердембеков указал на отрасли, которые наиболее выгодны для открытия собственного дела. «Брендом Актөбе является тары (просо). Использовать его как сырьё можно создавать новые продукты для продовольствия. Я надеюсь, что на этой площадке вы сможете всецело реализовать свои идеи», - сказал он.

Сразу после открытия Академии стартовал «#2 Startup Fair» (выставка Стартапов), 70 проектов прошли инкубацию. За два дня стартаповые развили свои предпринимательские навыки и понакомились с бизнес-моделью «Канвас».

Поэже, за круглым столом опытное жури оценило идеи молодежи. В его составе руководитель «LikeЦентр Актөбе» Жуман Зине, основатель проекта «Fashion Syndicate», дизайнер Малика Дуйсенбаева, член Ассоциации деловых женщин Казахстана, директор ТОО «Багетто» Жанымгуль Төлеуова, директор ТОО «Abyz Group» Ерлан Асанов, основатели ТОО «Adil nurtabys» Нуртуған Адилев и Ислам Исенгазиев и руководитель отдела «Нефинансовой поддержки бизнеса» РГП «Атамекен» Ержан Нурғалиев. Было отобрано 12 представленных проектов университетом Жубанова. Это 3 стартапа: «MidMar», «Dragon Breath», «Вверх» факультета экономики и права, 3 стартапа: «Экосумки», «Хлорофитум», «Емен» факультета естествознания, 2 стартапа: «Noname», «Freedom» факультета иностранных языков, 2 стартапа: «Handmade_Nessi» и «Unique» профессионально-творческого факультета, 1 стартап: «24 element» технического факультета и 1 стартап: «3DX» физико-математического факультета.

THE YOUTH OF THE OBLAST CAN STUDY BUSINESS IN THE STARTUP ACADEMY

In Aktobe, was opened StartUp Academy on the basis of Zhubanov University. In it the academy can study any interested representative of the youth of the oblast. It is planned to assist in the implementation of the business ideas of young people. A sewing workshop, a biological laboratory, a sculptural study and a canteen are working at the Academy's business premises.

The development of youth entrepreneurship was brought under the control of the rector of Zhubanov university Bauyrzhan Yerdembekov two years ago. To this end, a special Center for Innovation and Entrepreneurship was opened at the university, with the young scientist Assel Shetiyeva appointed as its head. Since then, students with their ideas took part in the republican competitions "StartUp - 2017", "Zhas Prodzhekt". According to their results, 6 start-up projects totaling 7 million тенге won a grant. According to the project of the first applicant for the grant was opened "Smart kindergarten", the Zerek Children's Development Center.

Rector of Almaty University of Management Gulmira Korganbayeva, head of the regional department of entrepreneurship Анар Darzhanova, director of Aktobe branch of "Damu" Berik Nurgaliyev took part in the opening ceremony of the StartUp Academy. Speaking to young people, the rector of the university, Bauyrzhan Erdembekov, pointed out the sectors that are most beneficial for starting their own business. "Aktobe's brand is tara. (Millet). Using it as a raw material, you can create new products for food. I hope that on this platform you will be able to fully realize your ideas," said he.

Immediately after the opening of the Academy, the "#2 Startup Fair" (the Startup Exhibition) started, 70 projects were incubated. In two days, startups developed their entrepreneurial skills and got acquainted with the Kanvas business model. Later, at a round table, an experienced jury evaluated the ideas of the youth. It includes Zhuman Zine, the head of the Like Center Aktobe, founder of the Fashion Syndicate project, designer Malika Duysenbaeva, member of the Association of Business Women of Kazakhstan, director of Baghetto LLP Zhanymgul Toleuova, director of Abyz Group LLP Erlan Asanov, founders of Adil Nurtabys LLP Nurtugan Adilov and Islam Isengaziev and Head of Non-financial Business Support Department of the RSE Atameken Yerzhan Nurgaliyev. 12 projects submitted by Zhubanov University were selected. These are 3 startups: "MidMar", "Dragon Breath", "Up" of the Faculty of Economics and Law, 3 startups: "Ecobags", "Chlorophytum", "Emen" of the Faculty of Natural Science, 2 startups: "Noname", "Freedom" of the Faculty of Foreign Studies languages, 2 start-ups: "Handmade_Nessi" and "Unique" of the vocational art department, 1 start-up: "24 element" of the technical department and 1 start-up: "3DX" of the Physics and Mathematics Faculty.

жобаны жүзеге асыру барысында, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі ескерілді, бір әріп – бір дыбыс, бір әріп – екі дыбыс және бір дыбыс – диграф жүйесі принципі негізге алынды», — деп жаңа нұсқаны таныстырған болатын.

Table with 3 columns: №, Латын таңбасы, Кирилл таңбасы. It lists Latin and Cyrillic characters from Aa to Mm.

Қазақ тілінің 8 дыбысын таңбалайтын 8 диграф туралы:

Table with 5 columns: №, Латын таңбасы, Дыбыс-талуы, Транскрипциясы, Мысалы. It lists 8 digraphs: Ae/ae, Oe/oe, Ng/ng, Gh/gh, Ch/ch, Sh/sh, Zh/zh and their examples.

Депутаттарға таныстырылған осы «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы» деп аталған латын негізді қазақ тілі әліпбиінде 25 әріп және 8 дыбысты таңбалайтын 8 диграф (қосарланған таңба) ұсынылған болатын. Диграф деген сөзді «бір дыбысты қос әріппен таңбалау» деп түсінген жөн. Әліпбиде «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымымен әр дыбысқа бір-бір әріп алынса да, бас-басына латынша жеке әріп жетіспегендіктен, қазақ тілінің «Ә, Ө, Ү, Ң, Ғ, Ҷ, Ш, Ж» дыбыстары қосарланған әріптермен (диграф-екі әріппен) таңбаланған еді. Сонымен қатар «і» және «и» екі түрлі дыбысымыз латынның бір ғана «i» әрімімен, «х», «һ» екі дыбысты латынның бір ғана «H» әрімімен, яғни «бір әріп – екі дыбыс» ұстанымымен таңбаланды. Сондықтан әліпбидің «бір әріп – бір дыбыс» ұстанымы халықтың көңілінен шықса да, «бір әріп – екі дыбыс» ұстанымымен алынған «i», «H» әріптері, «бір дыбыс-екі таңба, диграф жүйесі» ұстанымымен алынған 8 диграф халықтың, соның ішінде тіл мамандары тарапынан толық қолдау таба алмады. Қазақ жазуы тарихында болмағандықтан, бір дыбысты қос таңбамен, диграфпен, белгілеу жазуда біздің қалыптасқан әдетімізге біршама қолайсыздықтар туғызатын еді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығымен бекітіліп, халық талқылауына ұсынылған екінші «Латын графикасындағы қазақ әліпбиінің біркелкі стандарты жобасында» апостроф (дәйекші) қолданылды.

Table with 3 columns: №, Жазылуы, дыбыс-талуы. It lists 32 Latin characters and their phonetic symbols in brackets.

Елбасы Жарлығымен бекітіп, тағы да халық талқылауына ұсынылған бұл латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің екінші жобасында 32 әріп болды. Оның ішінде Hh-[x], [h] және I'-[i], [i] бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұр. Әліпбиде 9 дыбыс дәйекші(апостроф) арқылы таңбаланған. Әліпбиде «ң» дыбысы екі түрлі (N' n'-[ñ], [ŋ]) таңбаланып берілді. Әліпбиде 9 дыбыс дәйекші арқылы таңбаланған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілді. Бұл әліпбиіміздің үшінші нұсқасы болды.

Table with 3 columns: №, Жазылуы, Дыбысталуы. It lists 32 Latin characters and their phonetic symbols in brackets, including digraphs like [x], [h], [i], [u], [y], [j], [z], [m], [n].

Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі-апостроф орнына әріпүсті ноқат алынуы. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Әліпбиде бұрынғысынша 32 әріп алынған. Оның ішінде кірме сөздердегі 6 дыбыс (и, в, ф, һ, х, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар H -[x], [h] және I -[i], [i], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, у, ғ, ң, ү) таңбаланған. Сонымен бірге екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch-[Ч] , Sh-[Ш]). Қазақ тілінде «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан, ғалымдар тарапынан «оны екі әріппен таңбалау жазуымызды қиындата түсуі мүмкін» деген ой айтылды. Әліпбидегі 22 әріптің қай дыбысты таңбалап тұрғаны талас туғызбайды, сондықтан оны қателеспей тануға болады: (Aa-[a], B b-[b], D d-[d], E e-[e], F f-[f], G g-[g], Hh-[h], I i-[i], J j-[j], K k-[k], L l-[l], M m-[m], N n-[n], O o-[o], P p-[p], Q q-[q], R r-[r], S s-[s], T t-[t], V v-[v], Y y-[y], Z z-[z]). Ал бұдан басқа 7 әріптің қай дыбысты таңбалап тұрғанына ден қойып, мұқият танысып, оны қателеспей оқуға үйрену керек (I i-[i] ; I' i' -[i], [i] ; U u-[y] ; Y' y' -[y] ; Y y' -[y]). Бұдан кейін әліпбидегі 6 әріп әріпүсті ноқатымен берілген сынарларымен қосылып, 12 дыбысты беріп тұрған таңбаларға көз үйретіп, оқып үйренген жөн: (Aa-[a], A' a' -[a] ; G g-[g], G' g' -[g] ; N n-[n], N' n' -[n] ; O o-[o], O' o' -[o] ; U u-[y], U' u' -[y] ; Y y-[y], Y' y' -[y]). Әліпбиде сынары жоқ, тек дара таңбаланған 16 әріп бар.

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: а, ә, о, ө, и, ұ, ү, і, е . Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: б, в, д, ф, г, ж, к, қ, л, м, п, һ, р, г, с, т, ұ, і, з, һ, ш, ч. Бұрынғы кирилл таңбалы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді одан 8 әріп (ә, ц, щ, ь, э, ю, я) қысқарып қалды.

Осы сабағымызды қорыта айтқанда, латын әліпбиі – өркеніеттің жазуы, өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Сондықтан латын графикасына көшірілген қазақ әліпбиі де осы көшке ілескеніне қуанамыз. Сіздерді келесі сабақта күтеміз.



Жаңа емле

Новый алфавит

New alphabet

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ

Құрметті газет оқырмандары!

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілі әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру қажеттігін айтқан болатын. Қазіргі таңда Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында бүкіл еліміз бойынша латын әліпбиіне өту шаралары жоспарлы түрде жүзеге асырылып жатыр. Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес білім берудің барлық деңгейінде 2025 жылға дейін қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру кестесі жасалып, 2020 жылдан бастап бірінші сыныптың оқушылары жаңа әліпби бойынша оқытыла бастайды. Осы бағыттағы университеттің жоспарына сәйкес, Zhubanov University үш тілді облыстық ақпараттық-танымдық газеті редакциясының бастамасымен «Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі мен жазуын үйрету сабақтары» жүргізіліп отыр. Бұл жоба әліпби үйретудің оңтайлы технологияларын ескере отырып дайындалған 10 сабаққа негізделген. Сабақтар газеттің әр санында жарияланып отырады. Жобаның нәтижесі 2019 жылдың аяғында қорытындыланады. Жобаға қатысушылар арнайы тест сынағын тапсырып, білім деңгейлерін растайтын сертификат алады. Бөріңізді жобаға қатысуға шақырамыз.

Сабақтардың бейнежазбасын газеттің Facebook әлеуметтік желісіндегі Zhubanov University және парақшасынан қарай аласыздар.

Сабақты жүргізуші: Нұрбол САДУАҚАС, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

1-САБАҚ ЛАТЫН ХАЛҚЫ, ОНЫҢ ТІЛІ, КЛАССИКАЛЫҚ ӘЛІПБИ МЕН ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын рухани байлығымыз болып табылады. Қазіргі заман — жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, интернеттегі әлеуметтік желілер т.б. арқылы хабарласулар — бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер жүзінде латын әліпбиі барлық салада қолданылады. Дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми едебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты. Жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тіліне, оның жазуына тікелей байланысты. Әлемдегі барлық ақпарат латын әліпбиіндегі ағылшын тілінен айналып өте алмайды. Сондықтан латын әліпбиі — өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктің бірі. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», — деген болатын. Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын көшіру туралы ұстанымдары Мәңгі Елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болды.

Латын әріптері туралы айтқан кезде алдымен латын халқы, оның тілі және әліпбиінің тарихынан да хабардар болуымыз керек. Латын тарихы өте терең, қысқаша айтсақ, олардың мекені Италия жеріндегі Лациум деген жазықтықта орналасқан б.з.д. VIII ғ. латын тайпасы негізін қалаған Рим қаласы болды. Б.з.б. I ғасырдың аяғында көп жерлерді жаулап алған Рим үлкен мемлекет боп V ғасырға дейін өмір сүрді, бүкіл Жерорта теңізі, Испаниядан Грецияға, Кіші Азия мен Египетке дейінгі және қазіргі Франция территориясы, Англия мен Германияның кейбір бөліктері т.б. жерлер Римнің қол астында болып, римдік мемлекеттің тұрғындары латын тілінде сөйлеген. Осы уақытта билік жүргізген империялық Рим мемлекетінің ресми тілі де латын тілі болғандықтан оның тілі мен жазуы бүкіл антик әлеміне тарап, еуропалық өркениеттің негізі болған. Кейіннен Рим мемлекеті ыдыраған кезде оның құрамындағы түрлі ұлттар да бір-бірінен алшақтап, олардың тілдері де өз жолдарын тапты. Сондықтан қазір латын халқы жоқ, лингвистикалық классификация бойынша латын тілі өлі (яғни, қазіргі кезде қолданылмайтын) италийлік тілдерге жатады. Латын тілінің негізінде ұлттық тілдер, яғни романдық тілдер — итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері өз алдына қалыптасқан екен. Латын әліпбиінің қазіргі бізге жеткен таныс түрі б.з.д VI-III ғ.ғ. құрылған. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады, оны Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды.

Классикалық латын әліпбиі 26 әріптен тұрады, олар 6 дауысты, 20 дауыссыз дыбысты таңбалайды: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz. Латын әріптері роман, герман және басқа да тілдер жазуына негіз болған. Бірақ барлығы да латын әріптерін алғанымен, әр халықтың әліпбиіндегі әріптердің бәрі де бірдей фонемаларды таңбалай бермейді, әр әліпбидің өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Әріптің аз болуы әр тілдің дыбыстар санына сай келмегендігінен, бір дыбысты бірнеше әріппен біріктіріп таңбалау қажет

болған. Бір дыбысқа бір таңба ұстанымы толық сақталмады. Әріп тіркестері алынып, бір дыбысқа екі әріп ұстанымы қоса жүрді. Дегенмен латын әріптерін қолданса да, Еуропа халықтарының әліпбиінде өзгешеліктер бар. Мысалы: «X» фонемасы: неміс тілінде - Ch, ағылшын тілінде - Kk, француз тілінде - Kk, ал «Ш» фонемасы; неміс тілінде — sch, ағылшын тілінде — Sh, француз тілінде — sz таңбалары арқылы жазылады. Француз тілінде 17 дауысты, 18 дауыссыз, неміс тілінде 16 дауысты, 21 дауыссыз, ағылшын тілінде 15 дауысты, 15 дауыссыз және дифтонгтар бар. Сондықтан латынға өткен біздің туысқан түркі халықтарының әліпбиінде де өзгешеліктер болуы заңды құбылыс деп білеміз. Біздің латын негізді әліпбиімізде де ана тіліміздегі дыбыстарға байланысты өзіндік ерекшелігі болады.

Латын тілінің дамуын тарихта үш кезеңге бөліп көрсетеді. Б.з.д III ғасырда «Рим әлемі» орнатылды, оның әдеби тілі ретінде латын тілі мемлекеттік тіл деңгейінде қолданылды. Латын тілінің бұл гүлдену кезеңі классикалық немесе «алтын латын» деп аталды. Одан кейінгі б.з. I-II ғасырлары классикалық «күміс латын» кезеңі деп есептелді. «Алтын» және «Күміс» кезеңдерінде латын тілі бір қалыпты дамыды. Б.з. II-VI ғасырларында латын тілінің үшінші кезеңі әдеби және халық сөйлеу тілдерінің бір-бірінен алшақтай бастағанымен ерекшеленеді. Өте үлкен жерлерді басып алған Римнің дөуірлеп тұрған кезеңіндегі 400 жылдай уақытта латын тілі көптеген өзгерістерге ұшырап, жергілікті сөйлеу ерекшеліктері еріс алып, уақыт өте келе классикалық латын тілінде қарапайым халық сөйлескен жоқ. Ол «өлі тілге» айналды. Бірақ латын тілінде қалыптасқан ғылым-білім, латын әріпмен жазылған мәдени мұралар сақталып қалды. Әлем мәдениетінде латын поэзиясының өкілдері, ақындар, шешендер ретінде Тит Лукреций Кар, Гай Валерий Катулл, Публий Вергилий Марон, Квинт Гораций Флакк, Марк Туллий Цицерон, Гай Юлий Цезарь, т.б. есімдері тарихта қалды. Ал латын тілі Марк Порций Катон, Марк Теренций Варрон, Луций Анней Сенека, Публий Корнелий Тацит, Гай Светоний Транк Вилл, т.б. ғылыми еңбектерінде қолданылған. Еуропалық мәдениеттің жаңа дәуірі болған 14-16 ғасырлардағы қайта өрлеу және жаңа заман дәуірінде латын классикасын жинау, басып шығару және оны оқу кезеңі болды. Осы кезеңде көптеген грек авторларының еңбектері латын тіліне аударылды. Кейіннен жазылған еңбектерден де латын тілі, оның терминдерін көре аламыз. Өйгілі ғалым Исаак Ньютон, философ Кант, орыс ғалымы Ломоносовтың кейбір еңбектері латын тілінде жазылды. Ежелгі Греция мен Рим ғалымдарының латын тілінде жазылған еңбектері өлемдік медицинаның дамуына үлкен үлес қосты. Медицина сияқты салада латын әрдайым маңызды қызметтік тіл және терминологияның дерек көзі болды. Латын тілінің негізінде XVI-XIX ғасырларда романдық тілдер, яғни итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері, өз алдына қалыптасып болады.

Түркі халықтары жазуының латынға көшірілу тарихы бүкіл түркі халқы зиялыларының алғашқы жиыны саналған 1926 жылғы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен I бүкілодақтық түркітанушылар съезінен бастау алады. Қазақстандағы латынға көшу ісін күшейту мақсатында 1926 жылы «Қазақ латын әліпбиінің қоғамы» құрылып, оның басшысы болып Т.Шонанов тағайындалады. Одан кейін Қазақ республикасы үкіметінің басшысы Н.Нұрмақов төрағасы болған Жаңа қазақ әліпбиінің уақытша комиссиясы да құрылып, баспасөз беттерінде де араб жазуын сынап, латын әліпбиінің артықшылықтарын насихаттайды. Осы кезеңде КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы 1929 жылғы 7 тамызда латындандырылған жаңа әліпбиі — «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша латын әліпбиінің негізінде жасалған қазақ жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылды. Ал 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. Қазіргі таңда егеменді ел ретінде өз таңдауымыз бойынша әліпбиіміз бен жазуымызды латын әліпбиіне көшіруге шешім қабылдадық. Енді осы игілікті істің тез жүзеге асырылуына үлес қосуымыз керек.

2-САБАҚ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

Туысқан түркі халықтарының жазу тарихына көз салсақ, латын әліпбиіне түркі тілі 1928 жылы, әзірбайжан тілі 1991 жылы, өзбек тілі 1993 жылы көшірілген. Қазіргі латынды қолданатын елдердің әліпбилеріне қарасақ, барлығы бір әліпбиді пайдаланса да, әліпбилеріндегі әріптер бәрінде бірдей емес, кейде бір дыбысты екі-үш әріппен біріктіріп таңбаласа, енді бірде классикалық латын әліпбиінде жоқ, басқа әліпбилерден алынған әріптермен де таңбалауға тура келгенін көруге болады. Латынға көшкен ағайын елдердің тәжірибесін зерделей отырып, қазақ елі де Елбасының бастауымен латынға көшуге бел буды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру мақсатында халық талқылауына үш рет әліпби жобасы ұсынылды. «Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасы» деп аталған алғашқы жоба 2017 жылдың 11 қыркүйегінде Парламент депутаттарының талқылауына ұсынылды. Латынша қазақ әліпбиінің 26 таңбадан тұратын бұл жобасын Мәдениет және спорт министрлігіне қарайтын Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов: «Осы

Top news of the month

«ЖҰБАНОВТАР ШАҢЫРАҒЫ» МЕГА ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

«Жұбановтар шаңырағы» мега жобасын өткізуді ұсынған Жұбанов университетінің бастамасын Ақтөбедегі ағайын-туыс Жұбановтар есіміндегі барлық оқу орындары мен мекемелер қолдап отыр. Мега жобаның жоспарын талқылауға А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі, Өнер орталығы, «Жұбановтар әлемі» мәдени орталығы, Мұғалжар ауданы Жаңа тұрмыс негізгі мектебі, Қ.Жұбанов атындағы орта мектеп, А.Жұбанов атындағы орта мектеп, А.Жұбанов атындағы балалар саз мектебі, Ембі қаласындағы Ағайынды Жұбановтар мұражайы өкілдері қатысты. Жиынды жүргізген университеттің Әлеуметтік және тәрбие жұмыс-



тары жөніндегі проректоры Нұржан Бердыбаев мега жобаның мақсатымен таныстырып, оның сәтті жүзеге асуы еңді жастарының өміріне жаңа леп беретініне сендірді. Себебі «Жұбановтар шаңырағы» мега жобасының көздегені ағымдағы Жастар жылында киелі Жұбановтар әулетінен шыққан танымал тұлғалардың үлгі-өнегесіне құрмет көрсету арқылы ұрпақ тәрбиесіне сүбелі үлес қосу. Жиында Жұбанов университеті мега жобадағы өз жоспарын жария етті. Университетте мега жоба аясында атқарылмақ шаралар «Ақтөбе қаласының 150 жылдығы», «Лингвист-ғалым Құдайберген Жұбановтың туғанына 120 жыл толуы», «Жастар жылы» шеңберінде өтпек. Сондай-ақ аталмыш мега жоба бойынша «Есет Жұбановтың 90 жылдығын» атап өту, Ақтөбе қаласындағы №38 орта мектепке Есет Жұбановтың есімін беру, «Жұбанов кітапханасы» сериясын жалғастыру (жинақтар шығару) және өлемдік деңгейдегі дирижер, Ахмет Жұбановтың шебересі Алан Берібаевты туған елге шақырып, жағдай жасау, т.б. ұсыныстар айтылды.

НАЧНЕТ РЕАЛИЗАЦИЮ МЕГА-ПРОЕКТ «ЖҰБАНОВТАР ШАҢЫРАҒЫ»

Мега-проект «Жұбановтар шаңырағы», иницированный нашим университетом, подержали все учреждения региона, носящие имена представителей семьи Жубановых. Для обсуждения работы проекта за круглым столом встретились представители Актюбинского музыкального колледжа имени А.Жубанова, Центра искусств, культурного центра «Жұбановтар әлемі», основной школы «Жаңа

Тұрмыс» Мугалжарского района, средняя школа имени К. Жубанова, средняя школа имени А. Жубанова, детская музыкальная школа имени А. Жубанова, музей имени братьев Жубановых города Эмба. Модератор встречи, проректор по социальной и воспитательной работе университета Нуржан Бердыбаев рассказал о целях мега-проекта и выразил уверенность в его положительном эффекте на молодежи. Запланированный на Год молодежи проект направлен на воспитание нового поколения через уникальные факты о каждом члене семьи Жубановых. В ходе мероприятия университет Жубанова представил план реализации проекта. Все мероприятия пройдут в рамках 150-летия Актөбе, 120-летия лингвиста-ученого Кудайбергена Жубанова и Года молодежи. Также согласно проекту запланировано проведение 90-летия Есет Жубанова, присвоение его имени №38 средней школы Актөбе, продолжение серии «Жұбанов кітапханасы» (выпуск сборников), приглаше-

КЕЗДЕСУ АҚТӨБЕНІҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Жұбанов университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасы қоғам қайраткері, профессор Үкітай Байжомартовтың ұрпақтарымен кездесу ұйымдастарды. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамымен кездесуге танымал қоғам қайраткерінің қызы Гүлбану Үкітайқызы мен немересі Мәди Байжомартов келді. Сондай-ақ кездесуге Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Құлпаршын Айдарханова да қатысты. Кездесуге қатысушылар Үкітай Байжомартовтың осында еңбек еткен жылдарын еске түсіріп, оның харизматикалық ұмытылмас тұлғасы мен соңында қалдырған ғылыми-шығармашылық еңбектері жайлы пікір алмасты. Кездесу аяғында қонақтар университеттің кітапхана қорына Ү.Байжомартовтың өмір жолы мен қызметі туралы, Ақтөбе қаласының тарихына байланысты, Ақтөбе облысы бойынша ҰОС ардагерлері жайында кітаптар мен бейнефильмдер сыйлады. Бұл құнды тартулар негізінде университетте арнайы қала — Ақтөбенің 150 жылдығына байланысты тағы бірнеше шара өткізу жоспарланды.

ВСТРЕЧУ ПРИУРОЧИЛИ К 150-ЛЕТИЮ АКТОБЕ

ние внука известного дирижера Ахмета Жубанова Алана Берібаева на Родину.

THE MEGA-PROJECT “ZHUBANOV SHANYRAGY” WILL START

The mega-project “Zhubanovtar Shanyragy”, initiated by our university, was supported by all departments of the oblast, which are bearing the names of the representatives of the Zhubanov family.

Representatives of Aktoбе Music College named after A. Zhubanov, Center for the Arts, Cultural Center “Zhubanovtar Alemi”, main school “Zhana Turmys” of Mugalzhар district, secondary school named after K. Zhubanov, secondary school named after A. Zhubanov, Children’s Music School named after A. Zhubanov, Museum named after the brothers Zhubanovs of Emba city.

The moderator of the meeting, vice-rector for social and educational work of the university Nurzhan Berdybaev spoke about the goals of the mega-project and expressed confidence in its positive effect on young people. The project, planned for the Year of Youth, is aimed at rising a new generation through unique facts about each member of the Zhubanov family. During the event, Zhubanov University presented a project plan. All events will be held within the framework of the 150th anniversary of Aktoбе, the 120th anniversary of the linguist, Kudaibergen Zhubanov, and the Year of Youth. Also, according to the project, the 90th anniversary of Eset Zhubanov, the assignment of his name to No. 38 of Aktoбе Secondary School, the continuation of the “Zhubanov Kitaphanasy” series (issue of collections), the invitation of the grandson of Akhmet Zhubanov’s famous Alan Beribayev to his homeland.

THE MEETING WAS DEDICATED TO THE 150TH ANNIVERSARY OF AKTOBE CITY

The meeting with the descendants of a public figure, Professor Ukityay Baizhomartov’s daughter Gulbanu Ukityaykyzy and grandson Madi Baizhomartov was held at the Department of Economics and Management of Zhubanov University, Deputy of Aktoбе Akim Kulparshyn Aidarkhanova also took part in the event. The meeting participants recalled the years of work with U. Baizhomartov at the university, his contribution to the development of science. The invited guests handed over books on the life and work of a public figure, the history of Aktoбе and the veterans of the Great Patriotic War to the library’s fund. Based on these unique gifts, the university plans to organize a number of events to celebrate the 150th anniversary of Aktoбе.

✓ **Au ақамы**

✓ **Чеповек месаца**

✓ **Person of the month**

GÖRÜŞÜRÜZ GÜZEL TÜRKİYE

«Ай адамы» айдарының кейіпкері Түркияның Сакарія университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып келген Жұбанов университетінің 2-курс студенті Дәурен Халелов. Ол академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша іріктеуден өтіп, үстіміздегі оқу жылының бірінші семестрін түрік жоғары оқу орнында өткізген жастардың бірі, оқу үздігі, қоғамдық істер белсендісі.

Мектеп жасымнан тарих, саясат, құқық тақырыптары қызықтырады. Бастауыш сыныптарда Сарыжар (бұрынғы Хлебодаровка) ауылында, ата-әжемнің бауырында жүріп оқыдым. Үйдің үлкенімін, тұңғыш немеремін. Сондықтан мейірім мен шапағатты көп көрдім, дегенмен үлкен жауапкершілікті де сезініп өстім. Қаладағы №20 мектеп-лицейді бітірерде «Құқықтану» мамандығын таңдадым. Әкем осы салада. Баянды еңбегін жалғастырғым келді. Бірінші курсы үздік жоғары GPA мен аяқтадым, сабағыммен бірге түрік тілін үйретуші курсқа қатыстым. Түбі бір түркі тілі менің жанымға бір табан жақын. Негізі, қазіргі заман – білім заманы, көптілділік болашаққа жарқын жол ашады. Осыған дейін үш тіл білсем: ана тілім — қазақ тілін, мектепте оқыған тілім — орыс тілін, сонымен бірге өз бетімше игерген халықаралық ағылшын тілін. Міне, енді түрік тілін де меңгердім.

...Сакарія Түркияның ең ірі екі қаласы, Анкара мен Стамбулды бір бірімен байланыстыратын жол бойында орналасқан шаһар. Стамбулға қашықтығы 148 км, ал Анкараға қашықтығы 305 км. Шамамен бір миллионнан астам халық тұрады. Коджаэли, Бурса және Ескишехир сынды маңызды қалаларға бірнеше сағатта жетуге болады. Тарихи байлығы, көркем табиғаты өте тартымды. Қара теңіз бен Мәрмәр теңізі де жақын. Осы қа-

Иераполис амфитеатры біздің эрамызға дейінгі 2-ғасырда тұрғызылған ғимарат.



Сакарія университетіндегі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне арналған концерт.

тындағы жұмыстарын жалғастыра берді.

Сонымен алғашқы Ақтөбе мұғалімдер институтын басқарғандар:

1. Залиев Н. — 1935 жылдың қаңтары – 1936 жылдың сәуірі аралығында;
2. Шейнессон С.Г. — 1936 жылдың сәуірі – 1937 жылдың тамызы аралығында;
3. Оспанов Қ. — 1937 жылдың тамызы – 1941 жылдың сәуірі аралығында;
4. Кантемиров Д.С. — 1941 жылдың сәуірі – 1943 жылдың желтоқсаны аралығында;
5. Пак Н.Ф. — 1943 жыл-

қаулысына сәйкес Ақтөбе мұғалімдер институты Н.Байғанин атындағы Қыздар педагогикалық институты болып қайта құрылды. Бұл республикадағы қазақ қыздарына жоғары педагогикалық білім беретін екінші жоғары оқу орны болды. Бұған дейін 1944 жылы Алматыда мемлекеттік Қыздар Институты ашылған болатын. Н.Байғанин атындағы Қыздар педагогикалық институтының алғашқы директоры болып бірінші З.М.Баймұхамбетова тағайындалды.

институты Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты болып қайтадан құрылды. Оқу мерзімі 4 жыл, толық жоғары білім беретін педагогикалық институт 1954 жылғы 1 қыркүйектен жұмысын бастады. Алғашқы жылы институтқа 350 студент түсті. Оның 175-і қазақ мектептері үшін орыс тілі мен әдебиеті факультетіне, 175-і физика-математика факультетіне (қазақ, орыс бөлімдеріне) қабылданды. Институттың директоры болып Ф.А.Абуханов тағайындалды.

дипломы бар мамандар жетіспеді. Ақтөбе облыстық партия комитеті мен елбекшілер депутаттарының облыстық кеңесінің Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің берген ұсынысында Педагогикалық институтты тез арада қайта ашуды сұрайды. Қазақстан Коммунистік Партиясының ОК және Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 15 сәуірдегі №261 қаулысы бойынша Ақтөбе педагогикалық институты қайта ашылды.

Пединституттың алғашқы ректоры болып Шымкент педагогика институтының «Орыс тілі» кафедрасының меңгерушісі, бұрынғы Н.Байғанин атындағы педагогикалық институтында қызмет жасаған, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Павел Степанович Шетинин тағайындалды. Оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып физика-математика ғылымдарының кандидаты – Мырзағали Отарұлы Төлегенов бекітілді. М.О.Төлегенов бұған дейін С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде «Математикалық анализ» кафедрасының доценті болып қызмет атқарған. Студенттер оқудың алғашқы үш айында №1 орта мектепте оқыды. Қабылдау емтихандары да осы мектепте өтті. 1966 жылы желтоқсан айының ортасында институт М.Горький (қазіргі Асау – Барақ) көшесіндегі №124 жанадан салынып жатқан 960 орындық мектепке

ра түсті. Екі жылдан кейін пединститут студенттеріне 400 орындық арнайы жатақхана пайдалануға берілді. Алғашқы 1966-1967 оқу жылында институттың екі факультетіне (физика-математика, филология) 4 мамандық (орыс тілі мен әдебиеті, ұлт мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика) бойынша 350 студент қабылданды. Оның 100 студенті сырттай бөлімде оқыды. Бір факультетке біріккен 6 кафедрала 23 оқытушы жұмыс істеді. Кейін екі факультет құрылып, олардың алғашқы декандары болып физика-математика факультетінде – П.Я.Шибанов – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент; филология факультетінде – И.Я.Сулковский Шетинин тағайындалды. Ал «Жоғары математика» кафедрасын – М.О.Төлегенов; «Марксизм-ленинизм» кафедрасын – Е.Х.Мухамеджанов; «Педагогика – психология» кафедрасын – К.Б.Балниязова; «Орыс және шетел әдебиеті» кафедрасын – В.Н.Смирнова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; «Дене тәрбиесі» кафедрасын – В.Н.Перегудов; «Шетел тілдері» кафедрасын – Б.В.Дедикова басқарды. Институт ашылғаннан кейінгі екінші оқу жылында оқытушылар саны 56-ға көбейді.

1972-1974 Ақтөбе пединституты жылдары М.Горький және К.Либкнехт көшелеріндегі оқу корпустары біртіндеп



ТАРИХ

жыл желтоқсаны – 1948 жылдың тамызы аралығында.

1945 жылдың тамызы айындағы облыстық атқару комитеті шешімімен Дзержинский (қазіргі Қобыландын) көшесі, №2 Ақтөбе пединститутының оқу корпусы институтқа табысталды.

1945 жылы қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президумының шешімімен мұғалімдер институтына Қазақ ССР-не Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жергілікті ақын Н.Байғаниннің есімі берілді.

Баймұхамбетова (1921-1996) Қостанай облысында туған. Ақтөбе Қыздар педагогикалық институтының директоры қызметінде 1952 жылға дейін болған. Жаңадан ашылған институтқа Қазақстан Үкіметі ерекше көңіл бөліп, оқу ғимаратын жоспарлап, салып беруді жүзеге асырды. Ол ғимарат 1956 жылы пайдалануға берілді. (Қазіргі күні Әйтеке би көшесіндегі ол ғимаратта Қазақ-Орыс халықаралық университеті орналасқан).

Ф.А.Абуханов Орал педагогика институтының тәлігі (1939 жылы бітірген), филология ғылымдарының кандидаты. Ғылыми диссертациясын 1950 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде қорғаған.

Алғашқы жылдары пединститутта тіл және әдебиет, физика-математика факультеттері, 8 кафедра жұмыс жасады.

1958 жылы педагогикалық институт жабылды. Оқыл жатқан студенттер Гурьев, Қызылорда, Орал педагогикалық институттарына ауыстырылды. 8 жыл өткен соң мұғалім кадрлардың жетіспеуіне байланысты Ақтөбе педагогикалық институтын ашу туралы мәселе қайтадан қойылды.

Н.БАЙГАНИН АТЫНДАҒЫ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Соғыстан кейінгі жылдары да Қазақ ССР Үкіметі қазақ жастарының арасынан, әсіресе қазақ қыздары арасынан мұғалімдер даярлаудың жоспарларын жасады.

«Қазақ ССР-інде арнаулы және жоғары білім бе-

Н.БАЙГАНИН АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

1950 жылдары Кеңес Одағының және Қазақстанның қарқынды дамуына байланысты және елде міндетті орта білім беру санатына көшуіне сәйкес орта мектептерде жұмыс жасайтын мұғалімдерді даярлау қажеттілігі туындады.

1954 жылы 20 тамыздағы Қазақ ССР Ағарту Ми-

АҚТӨБЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ (1966-1983)

1958 жылы Н.Байғанин атындағы Ақтөбе педагогикалық институты жабылғаннан кейін, көп кешікпей облыс мектептерінде мұғалімдер кадрларының жетіспеушілігі байқалды. Мұндай жетіспеушілік аудандарды былай қойғанда Ақтөбе қаласының жетіспеушілігі де айқын сезілді. Негізгі себептері Ақтөбе қаласындағы өндіріс орындарының өсіп дамуына (феррокорыту, рентген, ауылшаруашылық машиналарын жасау, хром қосындылары, селикат, т.б. заводтары) орай қала халқының тез өсуі.

1964-1965 жылдары Ақтөбе облысының мектептерінде математика мен физикадан жоғары білімді



руді дамыту туралы» СССР Министрлер Кеңесінің 16.11.1948 жылғы №3801

нистрлігінің №102 бұйрығына сәйкес Н.Байғанин атындағы Қыздар педагогикалық

көшірілді. Жаңа ғимаратта 28 аудитория, 500 орындық мәжіліс залы, 300 шаршы метр спорт залы, пән кабинеттері және физика пәні бойынша үш лаборатория болды, ал үшінші қабатына студенттердің жатақханасы орналасты. Аудиториялар мен арнаулы кабинеттері жетіспеді. Сондықтан 1967 жылы институтқа 844 шаршы метр көлемдегі педагогикалық училищесінің ғимараты беріліп, оған филология факультетінің студенттері көшірілді. Келесі жылы «Ақтөбе - Жилстрой» мекемесінің жатақханасынан 100 орын, медицина институтының жатақханасынан 50 орын берілгеннен кейін студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жақса-

Киров, 144 (қазіргі Есет батыр) және Тургенов, 100а мекенжайларындағы құрылыстары аяқталған корпусстарға көшірілді. Кейіннен А.Молдағұлова даңғылы, 34 мекенжайындағы 8 қабатты оқу корпусының құрылысына аяқталуына байланысты жоғарыда аталған Есет батыр көшесіндегі оқу корпусы №24 мектепке берілді.

1980 жылдардың басында Ақтөбе пединститутында студенттер контингенті 2,5 мыңға дейін өсті, 5 факультет, 19 кафедра жұмыс жасады.

Гүлшара Әлібиқызы ЖАРҚЫЛОВА
Жұбанов университетінің мұражайының меңгерушісі

Ақтөбе — 150

Ақтөбе — 150

Aktobe — 150


Жұбанов университеті мұражайы ұлағатты ұстаз, профессор Мұқтар Арынның бастамасымен 1989-1991 жылдар арасында құрылып, қалыптасты. Мақсаты — Ақтөбе өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуына қатысты құнды жазбалар мен сирек деректерді жинау болатын. Бүгінде мұражай қорында 1000-ға жуық құжат: инвентарлық кестелер, тақырыптық каталогтар, ашық хаттар, көне оқулықтар, қолжазбалар, модельдер, түрлі жылдардағы фотокопирлер, архив материалдары бар. Олардың денін облыста өмір сүріп, еңбек еткен ардагер ұстаздардың өнегесін, өңірдегі ірі жоғары оқу орны — Жұбанов университетінің даму кезеңдерін сипаттайтын мәліметтер құрайды. Бүгін Zhuhanov University газеті оқырмандарының назарына мұражай қорында сақталған құнды әрі қызықты деректерді эксклюзивті фотолармен ұсынып отырмыз. Бұл құжаттар Ақтөбе қаласының 150 жылдық тарихындағы маңызы жоғары кездерден сыр шертеді.

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

XX ғасырдың 20-30 жылдары халықтың сауатын ашу, білім беруді жолға қою қоғамның алдындағы күрделі міндеттердің бірі болды, бұл мәселенің шешімі мұғалімдер қауымына қатысты еді. Сондықтан республика бойынша екі аптадан бір жылға дейінгі уақытша және тұрақты педагогикалық курстар жұмыс істей бастады. Ол курстардың мақсаты мұғалімдердің білімдік деңгейін жоғарылату, орын алып отырған мәселеге олардың оң көзқарастары мен жауапкершіліктерін қалыптастыру, нәтижесінде елдегі сауатсыздықты жою болып табылды.

облыстағы мұғалімдердің 45% еді. Педтехникумның материалдық-техникалық базасы бірте-бірте нығайтылып, жастармен тәрбие жұмыстары жан-жақты жүргізіле бастады. «Кеңес үгітшісі» және «Жаңа мәдениет» тақырыбындағы жар газеттері жүйелі шығарылып тұрды. 1920-1930 жылдары Ақтөбе губерниясында қазақтардан кейінгі көп ұлттың бірі украиндар болды (18,9%). Олардың басымдылық жағдайы ескеріліп, 1931 жылы педагогикалық техникумның жанынан украин тілінде оқытылатын

мы мен Орынбор қазақ орта мектебінде — 70 тыңдаушы оқыды. 1937 жылы қаңтарда Ақтөбе қаласының №7 орта мектебінің жанынан педтехникумның кешкі бөлімі ашылды. Бұл да мұғалім кадрларға деген үлкен сұраныстарды шешу жолдарының бірі еді. Осылайша Ақтөбе қаласында тұратындар үшін жұмыстан қол үзбей арнаулы орта білім алудың мүмкіндігі жасалды. Педтехникумның кешкі бөлімінде алғашында 90 мұғалім оқыды. Осы кезде сырттай оқытудың жүйесі де жетіле бастады. Қызылорда, Орал, Гурьев облыс-



бөлім ашылды. 1932 жылғы 18 наурызда Ақтөбе облысының құрылуына және өкімшілік-территориялық, құрылымдық өзгерістерге сәйкес украин тілінде оқытылатын бөлім Ақбұлақ педтехникумының құзырына берілді. Ал қазақ бөлімінің негізінде Темір педагогикалық техникумы құрылды. 1930 жылдардың ортасында Ақтөбе педагогикалық техникумының негізінде Ақтөбенің орыс-қазақ педагогикалық училищесі құрылды. Педучилищенің оқу корпусы жетіспегендіктен қаланың №6, 8, 14 мектептерінде сабақтар жүргізілді. Ақтөбе облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің 1936 жылғы «Педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау туралы» қаулысына сәйкес облыста 3 айлық курстар ұйымдастырылды. Сол кезде Темір қазақ педтехникумындағы курста — 35, Қостанай орыс педтехнику-

тарынан 300-дей мұғалімдер сырттай оқытылып, даярланды. Бұл кездері Құдайберген Жұбанов Ақтөбедегі губерниялық оқу бөлімінің инспекторы болып жұмыс жасайтын. Ол тек қоғамдық пәндерді ғана емес, математика, физика, химия сияқты ғылымдардан хабардар болатын. Кезінде Ақтөбе педагогикалық техникумында Қ.Жұбанов математикалық пәндерден сабақ берген. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Ақтөбе облысында алғашқы Кеңестік педагог кадрлары қалыптаса бастады. Ақтөбе педагогикалық техникумының түлектері облыстық білім беру, мәдени ағарту жұмыстарына белсенді араласты. Академик Ахмет Жұбанов, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалімдер Құбайдолла Ақтаев, Мұхтар Жанғожин, Қазақстан Республикасының білім беру үздігі Емберген Терекөв т.б. — Ақтө-



ТҰҢҒЫЫҒЫ ТАҒЫЛЫМ

бе педтехникумының түлектері. Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1931 жылы тамыздағы «Жалпыға бірдей 7 жылдық білім беруді енгізу туралы» қаулысына сәйкес Қазақстанда педагогикалық техникумдармен қатар мұғалімдер даярлайтын институттар жұмыс жасай бастады.

АЛҒАШҚЫ МҰҒАЛІМДЕР ИНСТИТУТЫ

Облыс басшылары білім беру ісін әрі қарай жетілдіру үшін Ақтөбеде жоғары оқу орын ашуға Мәскеуден рұқсат алып, нақтылы іске кіріседі. 1934 жылы Облыстық атқару комитетінің президиумы төмендегідей мазмұнды қаулы алады:

Ақтөбе облыстық атқару комитетінің Президиумы отырысының қаулысы

№163 16 желтоқсан 1934 ж.

- 1. 1935 жылы 1-қаңтардан бастап Ақтөбе қаласында физика-математика және тарих бөлімдерімен 70 адамдық екі жылдық педагогикалық институт ашылсын.
